«БЕКІТІЛДІ»
ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры
_____________ Р. Емелбаев
«____» ___________ 2023 ж.

**Орта білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау кезінде білім алушыларды кешенді тестілеуге арналған «Қазақ тілі» пәні бойынша тест спецификациясы (4-сынып)**

(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

**Тест мақсаты:** «Қазақ тілі» пәні бойынша 4-сынып оқушыларының Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау.

**Тест міндеті:** бастауыш білім беру ұйымдарын бағалау кезінде оқушылардың білімдерін, іскерліктері мен дағды деңгейлерін анықтау.

**Тест мазмұны**

«Қазақ тілі» пәні бойынша тест мазмұны жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес.

| № | Бөлім | № | Тақырып |
|---|---|---|---|
| 01 | Фонетика | 01 | Буын және дыбыс. Дауысты және дауыссыз дыбыстар<br>Буын үндестігі. Дыбыс үндестігі. |
| 02 | Орфография | 02 | ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, һ дыбыстарының емлесі<br>э, ф, в, ц дыбыстарының емлесі. ч, щ дыбыстарының емлесі. х, һ дыбыстарының емлесі<br>б-п, қ-ғ, к-г дыбыстарының емлесі |
| 03 | Лексика | 03 | Мағынасы қарама-қарсы сөздер. Қаратпа сөздер.<br>Тура және ауыспалы мағыналы сөздер<br>Сөз және оның мағынасы (синоним, антоним, омоним)<br>Күрделі сөз. Біріккен сөздер. Қос сөздер. Қысқарған сөздер |
| 04 | Морфология | 04 | Сөз құрамы. Түбірлес сөздер. Түбір мен қосымша |
| | | 05 | Зат есім. Зат есімнің тәуелденуі. Зат есімінің септелуі.Тәуелдеулі зат есімдердің септелуі |
| | | 06 | Етістік. Болымды және болымсыз етістік |
| | | 07 | Сын есім. Сан есім. Есептік және реттік сан есім |
| | | 08 | Есімдік. Есімдіктің жіктелуі |
| 05 | Синтаксис | 09 | Сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелері. Сөз тіркесі.<br>Жалаң және жайылма сөйлем. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем.<br>Тұрақты сөз тіркестері. Сөйлемнің дара және күрделі мүшелері. Сойлемнің бірыңғай мүшелері |
| 06 | Контекст | 10 | Контекст негізіндегі тест тапсырмалары |

**Тапсырма мазмұнының сипаттамасы**

Фонетика: буын және дыбыс, дауысты және дауыссыз дыбыстар, буын/дыбыс үндестігі.

Орфография: төл дыбыстардың артикуляциясы; ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, һ дыбыстарының емлесі; э, ф, в, ц, ч, щ, х, һ дыбыстарының емлесі, дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздердің емлесі,

Лексика: сөз және оның мағынасы (синоним, антоним, омоним), тура және ауыспалы мағыналы сөздер, күрделі/ біріккен /қос / қысқарған сөздер

Морфология: сөз құрамы, түбірлес сөздер, түбір мен қосымша, зат есім, зат есімнің тәуелденуі/септелуі, тәуелдеулі зат есімдердің септелуі, есімдік және есімдіктің жіктелуі, етістік, болымды/ болымсыз етістік, сын есім, сан есім, есептік және реттік сан есім.

Синтаксис: сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелері, сөз тіркесі, жалаң/жайылма сөйлем, жай/ құрмалас сөйлем, тұрақты сөз тіркестері. сөйлемнің дара /күрделі/ бірыңғай мүшелері.

**Тест тапсырмаларының формалары**

Жабық формадағы бір дұрыс жауапты

**Тест тапсырмаларының саны**

Тесттің бір нұсқасындағы тапсырмалар саны – 15: бір дұрыс жауапты 12 тест тапсырмасы, мәтін негізінде бір дұрыс жауапты 3 тест тапсырмасы.

Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тапсырмалардан тұрады: базалық деңгейде – 50%, орташа деңгейде – 30%, жоғары деңгейде – 20%.

**Тест тапсырмаларын орындау уақыты**

Тест тапсырмасының орындалу уақыты – 1,5 – 2 минут.

**Жеке тест тапсырмаларының және барлық тесттің орындалуын бағалау**

Дұрыс орындаған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 12 балл.

Мәтін негізінде дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 3 балл. Максималды балл – 15.